



«ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ СЕНІМДІ СЕРІККЕ АЙНАЛАДЫ»

– «Нөлдік төзімділік» саясаты
Шымкент қаласында қалай жүзеге асып жатыр?

– «Нөлдік төзімділік» қағидаты біздің күнделікті қызметіміздің негізгі ұстанымдарының біріне айналды. Қоғамдық орындарда болған кез келген құқық бұзушылыққа полиция бейқам қарамайды. Бұл бағытта Шымкент қалалық полиция департаментінің барлық жеке құрамы толықтай жұмылдырылған. Әсіресе Жедел басқару орталығына шығарылған бейнебақылау камераларының мүмкіндігі зор. Камералар арқылы қоғамдық орындардағы әкімшілік құқық бұзушылықтар дер кезінде тіркеліп, тиісті хаттамалар толтырылады. Сонымен қатар құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жүйелі түрде профилактикалық іс-шаралар өткізіліп келеді. Полицияның жедел әрекет етуі қылмыстарды ізін суытпай ашуға жағдай жасап отыр.

Осы кешенді шаралардың нәтижесінде қаладағы қоғамдық тәртіп айтарлықтай жақсарғаны сеніммен айтуға болады. Мәселен, «Нөлдік төзімділік» қағидасын іске асыру аясында және әкімшілік құқық бұзушылықтарға қатысты биыл 8 айда Шымкент қаласы ПД Жедел басқару орталығының бейнебақылау камералары арқылы 54 312 құқықбұзушылық дерегі анықталды. Соның ішінде көшелер мен адам көп жүретін орындарда қоқыс тастаудың – 2499, қоғамдық орындарда мас күйде жүргендерге қатысты – 803, қайыршылықпен айналысудың – 1018, жол қозғалысы ережесін бұзудың – 45 789 және басқа да құқық бұзушылықтардың 4203 дерегі белгілі болды.

Бұл көрсеткіштер қоғамдық тәртіпті нығайтуда бейнебақылау жүйесінің, цифрлық технологиялардың және «нөлдік төзімділік» қағидатын қатаң сақтаудың маңызын айқын көрсетеді. Полиция департаменті әрбір құқық бұзушылыққа ерекше назар аударып, оның алдын алу бағытында тұрақты профилактикалық жұмыстар атқарады. Сонымен бірге тәулігіне тіркелген қылмыстарды жедел ашу ісі үздіксіз жүргізіледі.

(Жалғасы 2-бетте)

(Жалғасы 6-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖАҒАНДЫҚ БАСҚАРУ БАСТАМАСЫ: «БІР БЕЛДЕУ, БІР ЖОЛ»



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-сессиясы аясында ҚХР-дың жаһандық даму және жаһандық басқару саласындағы бастамалары бойынша кеңесіне қатысып, сөз сөйледі. Іс-шара «Жаһандық дамудың жарқын келешегін бірлесе құру, бастапқы ұмтылыстарға адалдық» тақырыбына арналды.

АЛАҢЖҰРТ

ЕСІРТКІ ТҰТЫНҒАН АНАДАН САУ ҰРПАҚ ТУЫЛУЫ КҮМӘНДІ

Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің «Салауатты сана» жобасы аясында тағы бір форум өтті. Мемлекет басшысы ұйымның 33-сессиясында қоғамдағы бес кеселді түстеп атап, оларға қарсы ымырасыз күрес жүргізу қажеттігін міндеттеген болатын. Олар тұрмыстық зорлық-зомбылық, лудомания, нашақорлық, ысырапшылдық және вандализм. Аналар кеңесі ұйымының төрағасы, қоғам қайраткері Назипа Шанайдың жетекшілігімен осы тапсырманы жүзеге асыру мақсатында «Салауатты сана» жобасы әзірленген еді.

«Нашақорлық – тұрақтылыққа қатер»

Бүгінде бұл бағдарлама аясында өңірлерде көптеген шара өтуде. Соның ауқымды бес кеселге арналған республикалық форумдар. Кезекті «Нашақорлық – тұрақтылыққа қатер» деген тақырыптағы алқалы жиынға Қарағанды қаласы таңдалып алынды. Бұл әрине, кездейсоқтық емес.

Аналар кеңесінің төрағасы Назипа Ыдырысқызының айтуынша, көмірлі мекен нашақорлықтың алдын алу мен оған қарсы күресті жандандырудың үлкен әлеуеті бар шаһар. Қалада тұрмыстық зорлық-зомбылықпен есірткі қылмысына қатысты мамандарды даярлайтын жарты ғасырлық тарихы бар ИИМ академиясы орналасқан. Бұл оқу орнында бүгінгі таңда әйелдер тергеушілік мамандықты көптеп игеруде. Сонымен қатар Қарағандыда адамның қанындағы кез

келген есірткі затын анықтай алатын бірегей зертханасы бар медицина университеті жұмыс істейді. Мұнда нашақорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша ауқымды ғылыми және білім беру бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Мәселен, оқу орны есірткі заттарын анықтау бойынша зертханалық зерттеулерді дамытып қоймай, диагностика мен алдын алудың инновациялық әдістерін енгізеді. Есірткіге тәуелділікті емдеумен қатар жастар және ата-аналармен тәрбие, түсіндіру жұмысын жүргізуге қабілетті жаңа буын мамандарын-дәрігерлерді, психологтарды, аддиктологтарды дайындайды. Мұның сыртында өңірде нашақорлықтың алдын алып, тосқауыл қою бағытында атқарылып жатқан жұмыс көп. Сондықтан Қарағанды – республикадағы осы келеңсіз құбылысқа қарсы күрес орталығы ретінде танылып, тәжірибесі таратылу керек.

Қатаң жазамен қылмысты азайту мүмкін емес

Форум барысында аймақтың бұл мәртебеге әбден лайық екеніне көз жете түсті. Жалпы, нашақорлық – қазіргі заманның ең күрделі әлеуметтік қатері. Нашақорлықтың зардабы көпқырлы. Бұл тек адамның физиологиялық денсаулығына ғана емес, психикалық тұрақтылығына, әлеуметтік әлеуетіне, отбасылық қарым-қатынасына тікелей қауіп төндіреді. Жастардың арасында ұзақ мерзімді есірткі тұтынудың артуы елдің интеллектуалдық және демографиялық әлеуетін әлсіретіп, қылмыс деңгейін өсіреді. Сондықтан бұған қарсы біздің елімізде күрес шаралары белгілі даңгейде қабылданған. Олардың бастысы әрине, заңнамалық талаптың қатайтылуы. 2025 жылы қабылданған заңнамалық өзгерістер есірткі өндірісі, тасымалы және сатылымына қатысты жазаны күшейтті. Ірі көлемдегі айналым үшін 15-20 жылға дейін немесе өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Сонымен бірге алғаш рет шағын көлемде заң бұзғандарға әкімшілік жауапкершілік қолдану мүмкіндігі қарастырылды.

(Жалғасы 5-бетте)

2-бет



«Adilet» – атқарушы өндіріске
жедел қол жеткізу мүмкіндігі

3-бет



«Өңір экологиясын
сауықтыруға мүдделіміз»

4-бет



Әділетті қоғам және
еңбек қауіпсіздігі

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖОҒАРҒЫ СОТ

ЖАҒАНДЫҚ БАСҚАРУ БАСТАМАСЫ: «БІР БЕЛДЕУ, БІР ЖОЛ»



(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы аса маңызды әрі дер кезінде ұйымдастырылған жиын үшін Қытай тарапына ризашылығын білдірді.

– Біз ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің көреген басшылығы мен анағұрлым әділ, инклюзивті әрі тиімді халықаралық ынтымақтастық орнатуға бағытталған күш-жігерін жоғары бағалаймыз. Осы орайда Қазақстан геосаяси және экономикалық сын-қатерлерге жауап беретін Қытайдың жаһандық бастамасын толығымен құптады, – деді Президент.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев Орнықты даму мақсаттарына тезірек жетуге ықпал ететін Жаһандық даму бастамасына (Global Development Initiative) еліміздің қолдау көрсететінін жеткізді.

– Бұл ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің Тяньцзинде өткен Шанхай ынтымақтастық ұйымы саммитіндегі Қытайдың кейінгі стратегиялық ұсынысына – Жаһандық басқару бастамасына (Global Governance Initiative) сай келеді. Аталған бастама тұрлаусыз әлемге оң әсер етіп, көптеген елдің мақсат-мұратына айқын жетуге көмектеседі. Осы ретте негізгі рөлді Біріккен Ұлттар Ұйымы атқаратын болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл бастама егемендік теңдігін қамтамасыз ету, халықаралық құқық үстемдігі, көпжақты институттарды нығайту, сондай-ақ адамдардың игілігі мен мүдделерін қорғауға бағытталған әлемдік тәртіпті ілгерілету секілді өзекті мәселелердің шешімін ұсынады.

– Жаһандық басқару бастамасы, ең алдымен, цифрлық технологияға, қауіпсіз киберкеңістікке және ғарыш кеңістігіне әділ қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Бұл нормативтік-құқықтық база мен жаңанды интеллектіні пайдаланудың этикалық стандарттарын әзірлеу тұрғысынан өте өзекті. Осы орайда Қазақстан Қытайдың Жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастық бойынша жаһандық ұйым құру жөніндегі ұсынысын қолдайды, – деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ Президент Жаһандық басқару бастамасы 150-ден астам ел қосылған «Бір белдеу, бір жол» стратегиясының міндеттерімен үндес екенін жеткізді. Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев жаһандық бастаманы жүзеге асыру аясындағы ынтымақтастық БҰҰ-ның негізгі мақсаттарына жетуге септігін тигізетінін атап өтті.

Aqorda.kz

СУДЬЯ МІНБЕРІ

ЭКСАУМАҚТЫҚ СОТТЫЛЫҚ – ТАРАПТАР ТАҢДАУЫ

Сот саласында қолға алынған реформалардың негізгі мақсаты – азаматтардың құқығы мен бостандығын мінсіз қорғауға, қызмет сапасын арттыруға бағытталған. Сонымен бірге сот қызметіндегі ашықтық пен жеделдікті қамтамасыз етіп, сот процесін мейлінше оңтайландырудың маңызы зор. Эксаумақтық соттылық та – осы мақсатта сот жүйесіне енгізілген соңғы жаңашылдықтың бірі.

Соған орай «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процесік заңнаманы жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қабылданып, «эксаумақтық соттылық» ұғымы Азаматтық процесік кодекске енгізілді.

Осы ретте соттылықтың не екенін, қандай тәртіппен реттелетінін түсіндіре кеткеніміз жөн. Соттылық – бірінші сатыдағы соттарда қаралуға жататын істерді құзыреттілігі бойынша соттар арасында бөлу, яғни азаматтық істі қарауға тиісті нақты сотты белгілеу дегенді білдіреді. Соған орай Азаматтық процесік кодекстің 32-бабына сүйенген тараптар өзара келісім бойынша эксаумақтық соттылықты таңдай алады. Яғни, кодексте көрсетілгендей тараптар істі сот талқылауына дайындау сатысында, оның ішінде соттың іс жүргізуінде жатқан істер

бойынша аумақтық соттылықты өзгерту, эксаумақтық соттылықты таңдау құқығына ие болады.

Әсіресе, жаңа технология жетістіктері эксаумақтық соттылыққа байланысты мәселелерді оңтайлы реттеуге жол ашып отыр. Өйткені, азаматтар республиканың кез келген аймағындағы сотты таңдауға мүмкіндігі бар. Бүгінгідей онлайн соттарды өткізу қалыпты үрдіске айналып, бейнеконференц байланысы арқылы процеске қашықтан қатысу қиындық келтірмейтін заманда эксаумақтық соттылықты қолдану өте тиімді. Бұл әрі тараптардың сот жұмысына, судьялар қызметіне деген сенімін нығайтады.

Эксаумақтық соттылықтың көмегімен республика судьяларының жүктемесін бір жүйеге келтіруге болады. Тараптар эксаумақтық соттылықты таңдаған жағдайда «Төрелік» жүйесі өтінішті бірден қабылдап, істі жүктемесі аз, дәл осындай істерді қарау құзыретіне кіретін соттарға бағыттайды. Осыдан кейін

судья өндірістегі істің эксаумақтық соттылық бойынша қайда бөлінгені туралы бірден анықтама дайындайды. Әрі бұл электрондық іс дәл тіркелген күні ақпараттық жүйе таңдаған сотқа жіберіледі.

Әрине, эксаумақтық соттылықтың артықшылығын, маңызын білмейтін азаматтар да арамызда аз емес. Сондықтан, әрбір судья істі сот талқылауына дайындау барысында тараптарға эксаумақтық соттылықтың мәнін, оны қолданудың тәртібін түсіндіруі шарт. Егер тараптар істің эксаумақтық соттылық тәртібінде қаралғанын қаласа, бұл туралы істі қарағанға дейін өтініш білдіруі керек.

Эксаумақтық соттылықтың артықшылығы аз емес. Біріншіден, бұл тетік тараптарға уақыт, қаржы тұрғысынан қолайлы. Екіншіден, тараптар арасындағы келеңсіздікті азайтумен құнды. Үшіншіден, сот жүктемесін жеңілдетуімен тиімді. Осы тұрғыдан алғанда эксаумақтық соттылықты тараптардың мүддесі үшін енгізілген оң бастама деуге толық негіз бар.

Әлия ТЕБЕРИКОВА,
Тасқала аудандық сотының
төрағасы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Жоғарғы Сотта қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Н.Рахметуллинаның бастамасымен «Жеке адамның жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы құқықбұзушылықтар туралы істер бойынша сот практикасының мәселелері» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Сот алқасының басшысы осы санатта жасалатын қылмыстар көбейгендіктен, талқыланып отырған мәселенің өзекті екенін атап өтті.

ОРТАҚ ТӘЖІРИБЕ ОЛҚЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

«Қылмыстық кодекстің 121 (сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері), 124 (он алты жасқа толмаған адамдарды азғындық жолға түсіру), 121-1-баптары (он алты жасқа толмаған адамдарға сексуалдық сипатта тиісу) бойынша іс-әрекеттердің шектерін анықтау мәселелері өзекті және шешімін табуы талап етуде.

ҚК-нің 122-бабымен (көрінеу он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерді жасау) көзделген қылмысты жасаған кезде қайталану белгілерін талқы-

лау қажет», – деді Н.Рахметуллина. Шарада барлық қатысушылар өз ұстанымдарын баяндап, талқыланған нормативтік қаулының жобасы бойынша сындарлы ұсыныстарын берді. Жоғарғы Соттың жұмыс жоспарына сәйкес «Жеке адамның жыныстық тиіспеушілігіне қарсы құқықбұзушылықтар туралы істер бойынша сот практикасының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулыны қабылдау ағымдағы жылдың соңына жоспарланған.

Жоғарғы Соттың баспасөз қызметі



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ

БАС ПРОКУРОРЛАР ТҮРКІСТАНДА БАС ҚОСТЫ

Түркістан қаласында Қазақстан, Мажарстан және бес түркі мемлекетінің – Әзірбайжан, Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан және Түрікменстан прокуратураларының өкілдері қатысқан Мемлекеттік айыптаушылардың алғашқы халықаралық форумы өз жұмысын бастады.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Берік Асыллов форумды салтанатты түрде ашып, бұл шараның ұлттық сот төрелігі жүйесін дамыту және халықаралық ынтымақтастықты нығайту үшін маңыздылығын атап өтті. Ол форумның өтуі әртүрлі елдердің мемлекеттік айыптаушыларының тәжірибе алмасуына және құқық қорғау органдарының тиімділігін арттыру мақсатында байланыстарды күшейтуге бірегей мүмкіндік беретінін айтты.

Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі Е.Жиенбаев және Жоғарғы Сот төрағасы А.Мерғалиев те құттықтау сөзін арнап, іс-шараның өзектілігі мен маңыздылығын атап көрсетті.

Іс-шара аясында Қазақстанның тәжірибелі мемлекеттік айыптаушылары да сөз сөйлеп, құқықбұзушылықтарға нөлдік төзімділік және жазаның бұлтартпастығы қағидатын қамтамасыз ету, құқықтық тәртіп пен қылмыспен күрес бойынша тәжірибелері мен бастамаларын бөліседі. Бұл – «Заң және тәртіп» идеологиясының негізгі бағыттары болып табылады. Аталған шара құқықтық жүйені нығайтуға, мемлекеттік айыптаудың тиімді тетіктері мен модельдерін дамытуға бағытталған маңызды қадам.

Екі күн бойы форум қатысушылары адам құқықтарын қорғау саласындағы идеялар мен тәжірибелік шешімдерін бөлісетін болады. Бағдарламада сонымен қатар құқықтық саладағы цифрландыру және жаңа технологияларды қолдану мәселелерін талқылау, оқыту тренингтері, сондай-ақ интерактивті сауалнамалар мен викториналар өткізу жоспарланған.

Бас прокуратураның баспасөз қызметі

ӘДІЛЕТ

«ADILET» – АТҚАРУШЫ ӨНДІРІСКЕ ЖЕДЕЛ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ МҮМКІНДІГІ

Сот актілерінің дер кезінде, сапалы орындалуы азаматтардың құқықтық қауіпсіздікке, елдегі әділдікке, құзырлы органдар жұмысына деген сенімін нығайтады. Соған орай сот актілерін орындауға қатысты тетіктер мен шаралар үнемі назарда ұсталып келеді. Әсіресе Әділет министрлігі сот орындаушылар құзыретін көтеру, жұмысын жандандыру, сот актілерінің орындалуын неғұрлым оңтайлы, қолжетімді етуге ұдайы көңіл бөледі. Жақында қолданысқа енгізілген ADILET қосымшасы осы бағытта қолға алынған үздіксіз ізденістің жемісі.

ADILET қосымшасын республикалық Жеке сот орындаушылар палатасы Әділет министрлігімен бірігіп дайындап, таяуда іске қосқанынан көпшілік хабардар. Бүгінде бұл қосымшаның жаңашылдықтарын түсіндіру, оны пайдаланудың механизмдерімен таныстыру бойынша кең көлемді ақпараттық, насихат жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Бұл қосымшаның шын мәнінде ерекшелігі көп. Ең алдымен ADILET қосымшасы жеке сот



орындаушылар қызметін қолжетімді етуге, уақытты үнемдеуге бағытталған. Осы қосымшаның көмегіне жүгінген азаматтарға енді жеке сот орындаушыларына арнайы барып, қызмет алудың қажеті жоқ. Ол үшін қосымшаны өз смартфонңызға жүктеп алсаңыз жеткілікті. Содан кейін сот орындаушының кеңсесіне бармай-ақ қаулыларды жүктеп алуға, қағазға шығаруға болады.

Сондай-ақ, жаңа қосымшаның тағы бір

тиімді тұсы – ол арқылы жеке сот орындаушысымен тікелей байланысқа шығуға болады. Ол үшін азаматтар қосымшадағы кабинетіне кіріп, өтініш жазса жеткілікті. Осы өтініш кабинетке жүктелгеннен кейін кез келген жеке сот орындаушының 5 күн ішінде жауап беруі міндетті. Егер азаматтар жазған өтініш, шағымға сот орындаушысы бекітілген бес күннің ішінде жауап бермесе, бұл сауал автоматты түрде өңірлік палатаның қарауына түседі. Жеке сот орындаушы бермеген жауапқа осы аралықта палатаның тыңғылықты жауап беріп, қызмет ұсынуға мүмкіндігі бар. Ал егер палата да шағымға жауап бермей, азаматтың сұранысын аяқсыз қалдырса, өтініш автоматты түрде аймақтық Әділет департаментіне түседі. Бұл жүйелі тізбек жеке сот орындаушыдан бастап, палата мен әділет департаментіне дейінгі қызмет сапасын жандандыруға, кемшіліктерді дер кезінде анықтап, шешуге, ең бастысы азаматтар мен құзырлы орган арасындағы байланысты нығайтуға көмектеседі. Осылайша тараптар өз өтініш,

сұранысы бойынша ЖСО-ның қандай шара қабылдағанын және қабылдамағанын көріп, бақылай алады.

Қосымшаның келесі артықшылығы – борышкерлердің бірыңғай тізіліміндегі мәліметтерді іздеуге, деректерді оңай алуға көмектеседі. Сонымен қатар, осы қосымша арқылы тарапқа қандай шектеу қойылғаны туралы ақпаратпен танысуға мүмкіндік қарастырылған. «Adilet» қосымшасының тағы бір артықшылығы азаматтарға атқарушы құжатты іздеуге, оның орналасқан жерін бақылауға жол ашады.

Атқарушы өндіріске жедел қол жеткізуге мүмкіндік беретін бұл қосымша жеке сот орындаушылар жұмысын жандандырып, олардың қызметін жетілдіруге барынша көмектеседі. «Adilet» қосымшасы арқылы сондай-ақ борышкерлердің бірыңғай тізілімінде мәліметтерді іздеуге, шекарадан шығуға уақытша шектеудің бар-жоғын тексеруге болады.

Міне, осындай бірегей жобалар арқылы жеке сот орындаушылар жұмысын жақсартуға қадам жасалуда. Енді ғана қоғамға жол тартқан жаңашылдықтар халық көңілінен шығары анық.

Дамир ШАХАНОВ,
Алматы облысының
жеке сот орындаушысы

ЖАСЫЛ ЕЛ

Республика көлемінде өтіп жатқан «Таза Қазақстан» акциясы Маңғыстау облысында да белсенді жүзеге асуда. Өңірдегі елді мекендердің тазалығы, экологиялық іс-шаралар, ауылдарды абаттандыру, ретсіз тасталатын қоқыс қалдықтарымен күрес бүгінде жалпыхалықтық акцияға ұласқан.

«Өңір ЭКОЛОГИЯСЫН САУЫҚТЫРУҒА МҮДДЕЛІМІЗ»



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес «Таза Қазақстан» акциясы аясында ұйымдастырылды. Бұл жоба – ауыл-



– «Үлгілі ауыл» конкурсы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес «Таза Қазақстан» акциясы аясында ұйымдастырылды. Бұл жоба – ауылдардың дамуы мен бірлігін, тұрғындардың белсенділігі мен еңбегін көрсететін маңызды бастама. Бұл – тек марапат емес, әр ауылдың өз әлеуетін аша түсуіне жасалған қолдау. Жеңімпаз ауылдарды шын жүректен құттықтаймын. Ең бастысы – берілген қаражат ауылдың игілігіне жұмсалып, халықтың тұрмысын жақсартуға жұмсалып тиіс. Сонымен қатар бұл конкурс арқылы біз ауыл тұрғындары арасында экологиялық сана мен экологиялық мәдениетті қалыптастыруға жағдай жасап отырмыз. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, өңірлердің әлеуетін арттыру – біздің басты міндетіміз. Сондықтан бұл байқауды дәстүрлі түрде жалғастырып, ауылдарды қолдау жұмысын күшейте береміз, – деді Нұрдаулет Қылыбай.

Туған өлкенің гүлденуіне белсене атсалысу, экологиялық қастандыққа төзбеу секілді азаматтық белсенділіктер облыстағы әр тұрғынның бойынан табылады. Жергілікті атқарушы биліктің ұйытқы болуымен «Таза Қазақстан» аясында аймақта түрлі игі бастамалар көтерілуде. Мәселен, жақында Маңғыстау облысының әкімі Нұрдаулет Қылыбай «Үлгілі ауыл» байқауының жеңімпаздарын марапаттады.

Аса тартысты өткен бұл байқауға жергілікті әрбір азамат белсене араласып, өз үлесін қосты. Конкурс ауылдық елді мекендердің тазалығы мен абаттандырылуы, инфрақұрылымдық жағдайы, тұрғындардың белсенділігі, мәдениет, спорт және білім салаларындағы жетістіктері бойынша бағаланды. Жарысқа 5 ауданнан 39 ауыл қатысып, ақтық кезеңде 10 ауыл бақ сынады.

Ауылдар арасындағы бә-

секенің қорытындысы бойынша 7 елді мекен үздік деп танылып, қаржылай сертификатқа ие болды. Атап айтқанда, 3 мыңнан астам халқы бар ауылдар арасынан Бейнеу ауданының Бейнеу ауылы I орынды (10 млн теңге), Түпқараған ауданының Сайын Шапағатов ауылы II орынды (7,5 млн теңге), ал Қарақия ауданының Құрық ауылы III орынды (5 млн теңге) иеленді. Сонымен қатар Маңғыстау ауданының Шетле ауылы ынталандыру сыйлығына (2 млн теңге) ие болды. Ал 3 мыңнан аз тұрғыны бар ауылдар арасында Маңғыстау ауданының Сайөтес ауылы I орынды (8 млн теңге), Қарақия ауданының Құланды ауылы II орынды (6 млн теңге), және Бейнеу ауданының Сыңғырлау ауылы III орынды (4 млн теңге) қанжығалады.

Жеңімпаз атанған ауылдарға берілген қаржы сол ауылды абаттандыру, көгал-

дардың дамуы мен бірлігін, тұрғындардың белсенділігі мен еңбегін көрсететін маңызды бастама. Бұл – тек марапат емес, әр ауылдың өз әлеуетін аша түсуіне жасалған қолдау. Жеңімпаз ауылдарды шын жүректен құттықтаймын. Ең бастысы – берілген қаражат ауылдың игілігіне жұмсалып, халықтың тұрмысын жақсартуға жұмсалып тиіс. Сонымен қатар бұл конкурс арқылы біз ауыл тұрғындары арасында экологиялық сана мен экологиялық мәдениетті қалыптастыруға жағдай жасап отырмыз. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, өңірлердің әлеуетін

арттыру – біздің басты міндетіміз. Сондықтан бұл байқауды дәстүрлі түрде жалғастырып, ауылдарды қолдау жұмысын күшейте береміз, – деді Нұрдаулет Қылыбай.

Айта кетейік, биыл ең үлгілі ауыл атанып отырған Бейнеу ауылының 57 мыңнан астам халқы бар, жұмыссыздық деңгейі 2,8 пайызды құрайды. Ауылда 12 мектеп, 19 балабақша, аурухана мен мәдениет үйі жұмыс істейді. Сондай-ақ 685 кәсіпкерлік нысан бар. Бейнеу ауылы толықтай электр энергиясымен, ауыз сумен және табиғи газбен қамтылған.

Облыста бұдан бөлек те,

игілікті істер көптеп атқарылуда. Мәселен, осыдан біраз бұрын Маңғыстау облысында «Қошқар-Ата» қалдық қоймасын қалпына келтіру жұмыстары басталды. Қазан айынан бастап 640 гектар жерге 1 млн түп сексеуіл көшеті отырғызылып, заманауи суару жүйесі орнатылады. Қазіргі таңда қойма аумағын темір қоршаумен қоршау жұмыстары жүргізілуде. Жоба Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында іске асырылуда. Облыс әкімі Нұрдаулет Қылыбай қоймаға арнайы барып, атқарылып жатқан жұмыстармен танысты.

2024 жылғы зерттеу нәтижесінде қойма аумағында радиоактивті ластану шекті деңгейден аспайтыны анықталып, биологиялық рекультивация жұмыстары ұсынылған болатын. Осы негізде «2025–2026 жылдарға арналған жасыл қорғау аймағын құру жобасы» әзірленді.

Жоба өңір экологиясын жақсартуға, халық денсаулығына әсер ететін факторларды азайтуға, сондай-ақ қалдық қоймасының ұзақ мерзімді экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Іс-шара барысында өңір басшысына жобаның жүзеге асырылу барысы мен алдағы жоспарлар таныстырылды. Әкімнің айтуынша, бұл бастама өңір үшін стратегиялық маңызға ие.

«Қошқар-Ата қалдық қоймасы – халық арасында көптен бері алаңдаушылық туғызып келе жатқан мәселе. Бүгінгі басталған жұмыстар – экологияны сауықтыруға бағытталған маңызды қадам. Біз бұл істі жүйелі әрі ашық түрде жүзеге асыруға мүдделіміз. Жоба Мемлекет басшысының бақылауында тұр. 2026 жылдың аяғына дейін аяқталу қажет», – деді Нұрдаулет Қылыбай.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

ЗАҢ МЕН ТӘРТИП

МАҢҒЫСТАУДА ҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕС КҮШЕЙДІ

Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданында полиция қызметкерлері ірі көлемдегі есірткі заттарын сақтаудың фактісін анықтады. Тергеу барысында, жедел ақпарат негізінде күдіктінің тұратын жеріне тінту жүргізілді. Нәтижесінде өсімдік тектес есірткіге ұқсас заттар табылды.



Тінту кезінде аулада орналасқан ескі сейфтен полиэтилен пакеттерге оралған 20 түйіншек, сондай-ақ пластикалық контейнерге салынған ұқсас заттар алынды. Барлық алынған заттар заң талаптарына сәйкес мөрленіп, заттай дәлелдер ретінде тіркелді.

Тергеу барысында күдікті бұл заттарды жеке пайдалану үшін сақтағанын мойындады. Барлық

алынған заттарға сот сараптама-сы тағайындалды. Сот процесінің нәтижесінде күдікті 7 жылға бас бостандығынан айыру жазасына кесілді.

Полиция азаматтарды заң талаптарын сақтап, құқыққа қайшы әрекеттерден аулақ болуға шақырады. Есірткі заттарын сақтау, тасымалдау немесе тарату заңмен қатаң жазаланады.

Сондай-ақ, Ақтау қаласының 26-шағын ауданында Маңғыстау облысы ПД ұйымдасқан қылмыспен күрес басқармасының қызметкерлері биоресурстармен заңсыз айналысудың фактісін тоқтатты. Азаматшадан 12 дана қостақты тұқымдас балықтары табылып, тәркіленді, олардың жалпы салмағы 41 кг-нан астам болды.

Осы факті бойынша сирек және жойылып бара жатқан жануарлар түрлерімен заңсыз айналысу фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды.

Ихтиологиялық сараптама таға-

йындалып, тергеу-оперативтік іс-шаралар жүргізілді.

Полиция осындай құқықбұзушылықтар экологияға зиян келтіретінін және заңмен қатаң жазаланатынын ескертеді.

Ал, жедел-іздістіру іс-шаралары барысында полиция қызметкерлері мен «Бүркіт» арнайы бөлімшесі, Маңғыстау облысы прокуратурасының үйлестіруімен Бейнеу ауданының Тұрыш ауылындағы бір үйдің ауласынан киікке қатысты заңсыз әрекеттердің дерегін анықтады.

Тінту кезінде Қызыл кітапқа енгізілген 9 киіктің ұшасы, 30 мүйі-



зі, сондай-ақ 16 мм калибрлі оқ-дәрілер мен өзге де заттай айғақтар табылып, тәркіленді. Аталған дерек бойынша ҚР Қылмыстық кодексінің 339-бабының 1-бөлігіне сәйкес қылмыстық іс тіркеліп, материалдар СДТБТ-ға енгізілді. Тәркіленген айғақтар сараптамаға жіберілді.

Күдіктіге қатысты бұлтартпау шарасы ретінде елден кетпеу туралы қолхат алынды.

Өңірде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында 1 қыркүйектен бастап «Учаске» жедел алдын алу іс-шарасы басталды. Учаскелік инспекторлар көпқабатты тұрғын үйлердің аулалары мен қоғамдық орындардағы тәртіпті қадағалауды жалғастыруда. Сонымен қатар, тұрғындармен кездесіп, ақпараттық және түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Іс-шара барысында қалалық полиция басқармасының қызметкерлері, сондай-ақ бұрын сотталған тұлғаларды тексеру жұмысын бастады. «Пробация қызметінің есебінде тұрған 367 тұлғаның 135-і теркесілді.

Рейдтік шараларды полиция қызметкерлері мен пробация қызметінің инспекторлары бірлесіп жүргізді. Негізгі мақсат – сотталғандардың құқық бұзушылық жасау ықтималдығын төмендету және қылмыстың қайталануын болдырмау», – деді Маңғыстау облысы ПД бастығы Сағындық Аяғанов.

Жазира
ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

СҰХБАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жалпы алғанда, қабылданып жатқан шаралардың арқасында шаһарда қоғамдық орындардағы құқық бұзушылық пен қылмыс деңгейі едәуір азайып келеді. Бұл полиция мен қоғамның бірлескен еңбегінің, сондай-ақ «нәлдік төзімділік» саясатының нақты нәтижесі деп ойлаймын.

Қазір полиция қызметін цифрландырудың маңызы ерекше. Жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін бейнебақылау жүйелері, интеллектуалды платформалар, бірыңғай деректер базасы қылмысты ашу мен дәлел жинауда, күдіктіні анықтап, дереу әрекет етуге зор септігін тигізіп отыр. Мысалы, жолкөлік оқиғасын жасаған автокөліктің мемлекеттік нөмірін камера автоматты түрде танып, оның қозғалыс бағытын санаулы минуттар ішінде анықтап береді. Бұрын мұндай жұмыстарға сағаттап уақыт жұмсалатын болса, қазір заманауи технологияның арқасында бұл мәселе жедел шешіледі.

— Соңғы бір жылда қалада қанша жаңа бейнебақылау камерасы орнатылды?

— Соңғы жылдары бейнебақылау желісі айтарлықтай кеңейіп келеді. Әсіресе балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында білім беру мекемелеріне қосымша 10 мыңнан астам камера орнату жобасы басталды. Қаланың орталық көшелерінде және көлік қозғалысы тығыз аймақтарда «Сергек» кешендері де тиімді жұмыс істеп тұр. Бүгінде Шымкент қаласы аумағында ондаған мың бейнебақылау камералары үздіксіз қызмет етіп, қоғамдық тәртіп пен жол қауіпсіздігін бақылауға мүмкіндік береді.

Камералардың міндеті тек жол ережесін бұзуды тіркеумен шектелмейді. Бұлар ұрлық, бұзақылық, төбелес сияқты қоғамдық тәртіпті бұзу фактілерін анықтап, қылмыстың бетін ашуға да үлкен ықпалын тигізеді. Мәселен, қоғамдық орында жасалған ұрлықты немесе бұзақылық әрекетті дәлелдеу барысында бейнежазба негізгі айғақтың бірі болады. Яғни, бейнекамералар құқық қорғау органдары үшін «үнсіз күәгер» десек те болады.

— Соңғы уақытта қалада телефон ұрлығы жиілеп кеткені айтылып жүр. Мұндай қылмыстарды ашуда қандай әдістер қолданылады? Цифрлық технологияның пайдасы бар ма?

— Иә, өкінішке қарай, телефон ұрлығы әлі де жиі кездесетін қыл-



Дәулеткелді АБДРАМАНОВ,
Шымкент қаласы Полиция департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі:

«ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ СЕΝІМДІ СЕРІККЕ АЙНАЛАДЫ»

мыс түрлерінің бірі. Бірақ біз мұндай қылмыстарды ашуда заманауи әдістерді кеңінен қолданамыз. Біріншіден, бейнебақылау арқылы күдіктінің жүрген бағытын анықтап аламыз. Екіншіден, операторлармен бірлесіп отырып, ұрланған телефонның IMEI-коды арқылы оның қозғалысын бақылауға болады. Бұл әдіс көптеген қылмыстың тез арада ашылуына септігін тигізеді. Үшіншіден, азаматтардың белсенділігі артып келе жатқанын айтамын. Мысалы «102» мобильді қосымшасына жіберілген фото және бейне-материалдар дәлел ретінде қолданылады. Мұның барлығы цифрлық технологияның тиімділігін айқын көрсетеді.

— Жалпы алғанда, қалада қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіпті қамтамасыз етуде басты басымдық не болып отыр?

— Біздің негізгі мақсатымыз сол, халықтың қауіпсіздігі мен тыныштығын сақтауға бағытталған.

Бұл жолда «нәлдік төзімділік» саясатын ұстану, цифрлық технологияларды дамыту және азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру басты басымдықтарымыздың бірі. Қоғам мен полицияның өзара сенімі нығайған жағдайда ғана қаламыз шын мәнінде қауіпсіз әрі жайлы мекенге айналады деп сенеміз.

— Қазір көлікті соғып, оқиға орнын қашып кететін жүргізушілер көбейді. Оларды анықтау қалай шешіледі? Мәселен, оқиға камера орнатылмаған жерде болса, құқық бұзушыны табу мүмкін бе?

— Қазір бейнебақылау камералары көлік апаттарын ашуда маңызды рөл атқарады. Камера бар аумақта мәселе автоматты түрде шешімін табады. Нөмір тану жүйесі көлікті анықтап қана қоймай, оның бағытын да дәл көрсетеді. Ал егер оқиға бейнебақылау орнатылмаған жерде болса да, құқық бұзушыны табу-дың түрлі жолдары бар. Мысалы,

күәгерлердің түсірген бейнемаатериалдары, азаматтардың дер кезінде берген хабарламалары, сондай-ақ жөндеу шеберханалары мен көлік сервис орталықтарында жүргізілетін тексерістер нәтижесінде күдікті анықталады. Демек, камерасыз да жұмыс істеудің тетіктері қарастырылған, бірақ бейнебақылаудың көмегі әлдеқайда тиімді әрі жедел.

Бүгінде полиция қызметінде жаңа буын технологиялары кеңінен енгізіліп жатыр. Соның ішінде бет-әлпетті тану жүйелері, интеллектуалды бейнеаналитика, бірыңғай деректер платформалары бар. Бұл құралдар тек құқық бұзушыны анықтап қана қоймай, қауіпті жағдайдың алдын ала белгілерін көруге, яғни қылмыстың алдын алуға мүмкіндік береді. Мұндай жүйелер қала қауіпсіздігін арттыруда, жедел әрекет ету уақытын қысқартуда және дәлел жинауда орасан зор пайдасын тигізіп отыр.

— Цифрландыру қылмыстың ашылу деңгейіне қалай әсер етті? Жақсарғаны жөнінде нақты статистика бар ма?

— Иә, әрине, цифрландыру бүгінде қылмысты ашу ісіне тың серпін берді. Әсіресе жолкөлік оқиғалары, ұрлық пен бұзақылық сынды қылмыстарды анықтау бағытында оқ-

уіпсіздікті арттыруға айтарлықтай ықпал етеді.

— Полиция мен қала тұрғындарының өзара байланысын қалай бағалайсыз? Азаматтардың өтініштерін қабылдауға немесе кері байланыс алуға арналған цифрлық сервистер бар ма?

— Полиция мен қоғам арасындағы ашық диалог қауіпсіздіктің негізгі кепілі екенін бәріміз білеміз. Қазір бұл бағытта да цифрлық сервистер енгізілген. Атап айтқанда, «102» жүйесі жұмыс істейді. Бұл жүйе арқылы азаматтар тек қоңырау шалып қана қоймай, фото, бейне және мәтіндік хабарламалар жолдай алады. Мұндай мүмкіндіктер өтініштердің жедел тіркелуіне, жедел басқару орталығына дер кезінде жетуіне және ең бастысы, полиция тарапынан уақытылы әрекет етуіне жағдай жасайды.

Алдағы жоспарымыз да ауқымды әрі жүйелі. Ең алдымен білім беру мекемелеріндегі бейнебақылау жүйесі толық жаңғыртылады. Қаланың барлық аудандарында интеллектуалды жүйелерді енгізу қолға алынып, жедел басқару орталығы жаңа аналитикалық құралдармен жабдықталмақ. Сонымен қатар дрондарды, мобильді бейнекешендерді қолдану тәжіри-

динамика айқын байқалып отыр. Жаңа технологиялар енгізілгеннен бері полицияның жедел әрекет ету мүмкіндігі артып, қылмыстарды ашу көрсеткіші айтарлықтай жақсарған. Мәселен, биыл сегіз айда Жедел басқару орталығының бейнебақылау тобы 579 қылмыстың ашылуына көмектескен.

Соның ішінде тонау – 20, қарақшылық – 1, бұзақылық – 21, автокөлікті заңсыз иелену – 8, ұрлық – 181, басқа да қылмыстың 350 дерегі тіркелген. Бұл көрсеткіштер цифрлық технологиялардың құқық қорғау жүйесінде нақты нәтиже беріп жатқанын дәлелдейді.

Биылдың өзінде қалада полиция департаменті қосымша 1425 бейнебақылау камерасын орнату жұмыстарын жүргізіп жатыр. Соның ішінде бірқатар құрылғыға бет-әлпетті тану және мінез-құлықты талдау функциялары енгізілмек. Мұндай технологиялар қылмыстың алдын алуға, күдіктілерді дер кезінде анықтауға және қоғамдық қа-

бесі кеңейтіледі. Бұл қадамдар қоғамдық қауіпсіздікті жаңа деңгейге көтеріп, қылмыстың алдын алуда қосымша мүмкіндік береді.

Алдағы он жылда полиция жұмысы түбегейлі жаңа сипат алуы ықтимал. Дербес аналитикалық жүйелердің мүмкіндігі артып, жедел орталықтар тек бейне ғана емес, дыбыс пен түрлі сенсорлық ақпаратты да жинап, кешенді талдау жасай алады. Дрондардың ұшу аймақтары кеңейіп, интеллектуалды патрульдеу жүйелері енгізіледі. Азаматтармен өзара байланыс толықтай мобильді қосымшалар арқылы жүзеге асуы мүмкін. Яғни полиция қызметі барынша жедел, ашық әрі қоғамға жақын бола түседі. Бұл болашақта қиялы емес, қазіргі даму қарқынын ескерсек, таяу жылдардағы нақты шындық.

— Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет.

**Сұхбаттасқан
Жадыра МҮСІЛІМ**

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

Замана көшіне сай болу үшін елдің цифрлық өркениетке барынша назар аудару қажеттігі рас. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты жолдауы дәл осы ел дамуының стратегиялық бағдары ретінде қоғамда кең талқыланып, әрбір салада жүйелі іс-шаралар атқарылып келеді. Жаңа дәуірдің сын-қатерлеріне жауап беретін бұл жолдау заманауи цифрлық жүйенің көмегімен елді жаңғыртуға, заң және тәртіп қағидаттарын нығайтуға, ұлттық экономиканы күшейтуге сондай-ақ қоғамның құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталып отыр.

ҚАУІПСІЗ ЕҢБЕК – ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ КЕПІЛІ

Мемлекет үшін еңбек адамының құқықтары мен қауіпсіздігі – басты назарда екені айқын. Осы ретте Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Шымкент қаласы бойынша аумақтық бөлімшесі еңбек заңнамасының орындалуын қамтамасыз ету бағытында жүйелі түрде жұмыс жүргізіп жатқанын атап өткен жөн.

Жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы еңбек қатынастарын заң аясында реттеу, еңбекқақының уақытылы төленуі, еңбек шартта-

ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ

рының әділ ресімделуі – басты қағидалардың бірі екені анық. Сондықтан еңбек қауіпсіздігін сақтау, өндірістік жарақат пен жазатайым оқиғалардың алдын алу үшін білім беру ұйымдарының басшылары мен кадр мамандарына семинарлар жиі өткізіліп, онда еңбек шартын электронды форматта жасау тетіктерін түсіндіруге назар аударылады.

Жиын барысында таныстырылған Бірыңғай цифрлық платформа – әлеуметтік саладағы тың серпін беретінін айқын көрсетті. Бұл жүйе әлеуметтік қолдауды толығымен автоматтандырып, ашықтық пен тиімділікті қамтамасыз етуге бағытталыпты. Аталған жаңа жүйеде жалған құжатпен жұмысқа орналасуға тосқауыл қойылып, әр отбасыға арналған цифрлық қолдау маршруты енгізілмек. Шымкент қаласы бойынша аумақтық бөлімше басшысы Жеңіс Мақұлбаевтың айтуынша, бұл бастама заңсыз еңбек қатынастарын болдырмауға, сонымен қатар сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға жол ашады.

ЗАҢ – МЕМЛЕКЕТ ТІРЕГІ

Құқықтық сананы арттырудың маңызды қадамдарының бірі – Ата Заңның құндылығын дәріптеу екені даусыз. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына арналған «Ата Заң – елдігіміздің кепілі» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылған еді.

Шарада ардагерлер ұйымдарының төрағалары мен қоғам қайраткерлері, құқық қорғау органдарының өкілдері, сондай-ақ

заң ғылымының сарапшылары Конституцияның қоғамдағы орны мен мемлекеттік тұрақтылықтағы маңызына тоқталды. Олар ұзақ жылғы тәжірибелерінен мысал келтіріп, Ата Заңның азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілі екенін нақты дәлелді пікірлерімен ашып көрсетті.

Әл-Фараби ауданының прокуроры Асыланбек Заманбек пен Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің басшысы Қанат Қадырбеков құқықтық тәртіпті нығайту бағытында атқарылып жатқан жұмыстары жайлы кеңінен баяндады. Жұмабек Тәшенов атындағы университеттің вице-ректормы, заң ғылымдарының кандидаты Жанар Рысбекова халықаралық деңгейдегі зерттеулерін негізге алып, Қазақстан Конституциясының адамгершілік қағидаларына сүйенгендігін сонымен қатар өзге мемлекеттерге де үлгі болып отырғанын атап өтті.

ЖОЛДАУ МІНДЕТТЕРІ – ЖАҢА ДӘУІРДІҢ БАҒДАРЫ

Цифрландыру жүйесіне басымдық берудің маңыздылығы АМАНАТ партиясы Шымкент қалалық филиалында өткен кеңейтілген жиында тағы бір мәрте көтерілді. Дөңгелек үстел ба-сында Мемлекет басшысының жолдауындағы басым бағыттар кеңінен талқыланды. Партия филиалының төрағасы Мұрат Жолдыхожаев құжаттың ауқымды реформалардың лайықты жалғасы екенін атап өтіп, жолдауда белгіленген міндеттерді жүзеге асыру – баршаның ортақ жауапкершілігі екенін жеткізді.

Отырыста жасанды интеллекттің болашақ ел экономикасындағы рөліне айрықша тоқталды. Партия мүшелері жасанды интеллект пен IT технологияларды енгізу мемлекеттік басқару жүйесін толықтай жетілдіріп, әлеуметтік-экономикалық дамуды жаңа деңгейге көтеретінін атап өтті. «Жасанды интеллект – болашақ экономикасының іргетасы» деген ұстаным жиынның негізгі лейтмотивіне айналғаны айтылды.

Сонымен қатар, әділетті қоғам құрудағы жауапкершілік, еңбек адамының мәртебесін көтеру және ұлттық экономиканың берік іргетасын қалау мәселелері жөнінде пікірлер айтылды. Жолдауда айтылған «Қазақстанның толыққанды цифрлық мемлекетке айналуы» – жаңа дәуірге жасалған батыл қадам болатыны аталып, ол үшін тұтас қоғамның бірлесіп әрекет етудің тетіктерін қарастыру қажеттігі айтылды.

Қоғамдағы құқықтық тәртіпті нығайту, заң үстемдігін қамтамасыз ету, еңбек қатынастарының әділдігін қамтамасыз – мемлекеттің басты міндеті екені рас. Бұл орайда цифрландыру процесі құқықтық жүйені ашық әрі тиімді етуге ықпал етпек.

Шымкент қаласында қолға алынған бастамалар – елдің құқықтық мәдениетін дамытуға, азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттыруға, сыбайлас жемқорлық пен заңсыздыққа қарсы тұрғау бағытталған нақты қадамдар екенін атап өткен жөн. Сондықтан Президент жолдауындағы басым бағыттарды жүзеге асыру – Қазақстанды жаңа дәуірге бастайтын тарихи мүмкіндік болмақ. Ол үшін қоғамның әрбір мүшесі заңға құрметпен қарап, әділетті қоғам құруға атсалысуы қажет.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

АЛАҢЖҰРТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ауыр қылмыспен күресті қандау, ал тәуелділерге көмек көрсету жолын жеңілдету халықаралық тәжірибеге сай қабылданған шешім. Алайда, бұл кеселдің салдарымен күресу. Жазалау мен заңнамалық шектеу есірткінің айналымын тежегенімен, оның тамырына балта шабу үшін себептерін азайту маңызды. Қарағандыда атқарылып жатқан шаралар мәселенің осы қырына бағытталуымен құнды болды десек артық айтқандық емес.

Қолдау болмаса құрдымға кету оңай

Форумның алғашқы күні К.Станиславский атындағы орыс драма театры қойған «7» атты деректі спектакль күн сайын қоғамда болып жатқан қылмыстарды жасаған әйелдерге үкімді көрермен тарапынан беру арқылы, жақсылықты да, жамандықты адамның өзі қалыптастыратыны, барлық келеңсіздіктің түпкі себебі біздің ұстаным, тәрбиемізде екенін ұғындырды. Театр қойылымдары, фильмдер, әлеуметтік жарнамалар арқылы жастарға нашақорлықтың зардабын эмоционалды жеткізудің маңызын түсіндірді. Ал, Қарағанды медициналық университетінде өткен семинарда делегаттар ұжымдық пайдалану зертханасында болып, қандағы есірткі заттарын талдау мен анықтаудың заманауи технологиясымен танысты. Сонымен бірге есірткілік мас күйіндегі жүкті әйелге, жаңа туған нәрестеге және жасөспірімге шұғыл көмек көрсету барысын көрді. Есірткіге тәуелділікті анықтау, емдеу-сауықтыру және алдын алу шараларын жетілдіру жөнінде ой бөлісті.

Нашақорлықтың негізгі себептері бірі – жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастырмау, жұмыссыздық, әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі екені белгілі. Қарағандыда бұл мәселе барынша зерделену нәтижесінде нақты іс-қимылға ұласыпты. Соның бір мысалы – форум барысында КММ базасында іске қосылған жоба – «Есбол» жастар ресурсы мен отбасын қолдау орталығы. Аты айтып тұрғандай, бұл қор есті болып, өз өмірін мен мақсаттарының жолында тиімді әрекет етуге бағыт беріп, жетелейді. Жаңа үлгіде салынған ғимаратта орналасқан бұл мекеменің ішінде не жоқ дейсіз? Жарқыраған әр алаң мен бөлменің өзіндік қызметі бар. Оның бірінде ақпараттық, психологиялық, құқықтық қолдау көрсетілсе, бірінде нашақорлық пен есірткі қылмысының алдын алуға бағытталған түсіндіру жұмысы жүргізіледі. Сонымен қатар жастардың өз қабілетін ашуға да барынша жағдай туғызылған. Дыбыс жазу студиясы, сұхбат алу, тігін өнеріне үйрету шеберханасы секілді қызмет түрі мұнда тегін ұсынылмақ. Бұл үшін бөлмелер қажетті құрал-жабдықпен толық жарақтандырылған. Форум делегаттарына ақпараттық стендтер, мамандар мен волонтерлер қатысатын интерактивті алаңдар таныстырылды. Оларда жастар үшін тұрақты түрде тренинг, шеберлік сабағы және түрлі алдын алу шаралары өткізіліп тұрмақ. Биылдың өзінде 200 психологиялық семинар өткізіліп, 70-ке жуық ерікті есірткінің офлайн, онлайн нүктесін анықтауға тартылмақ.

Осы орайда еріктілер клубының «Тең теңімен» атты жобасы көңіл аударарлық. Жобаның ерекшелігі есірткі құрығына түскен жастармен өз құрдастарының тең деңгейде сөйлесіп, қолдау көрсетуі. Үлкен адамдардан гөрі жастардың бір-бірімен тез тіл табысып, түсінісе алатыны анық. Ниеттері айқын жастардың мақсат жолында табандылығы, өзара бірлігі қуантты. Расында қандай да бір кеселде қоғамның көмегі, ықпалының тиімді болары сөзсіз.

Зиянды препараттарды рецептсіз сатуға шектеу қою керек

«Алдыңғы арба қайда жүрсе, соңғы арба сонда жүреді» дегендей, нашақорлық, жалпы кеселді құбылыстың алдын алу, оған қар-



ЕСІРТКІ ТҮТЫНҒАН АНАДАН САУ ҰРПАҚ ТУЫЛУЫ КҮМӘНДІ

сы күресуде қоғамның рөлін көтеру өңір басшылығының негізгі ұстанымы секілді. Мұны облыс әкімі Ермағанбет Бөлекбаевтың форумның басынан табылып, отырыстың тізгінін өзі ұстағанынан байқадық. Бөлекбаев мырза нашақорлықпен күресте отбасы мен қоғамнан рөліне айрықша маңыз берді. Алдын алу шаралары ауруханаларда, соттарда емес, ең алдымен отбасында, мектепте, бала тұлғасы қалыптасатын ортада жүруі керектігін, басты қару – жаза емес, дұрыс бағдар, рухани даму мен спортпен айналысуға берілген мүмкіндік екенін атап көрсетті. Сонымен қатар бір ай ішінде үш жылға арналған нашақорлықтың алдын алуға бағытталған жол картасын әзірлеуді тапсырды.

Форумда нашақорлықтың себебі мен салдары жан-жақты қырынан талқыланды. Соның бірі ретінде бүгінде өршіп тұрған «фарм нашақорлық» әңгіме өзегіне айналды. Соңғы жылдары Қазақстанда дәрі-дәрмектерді заңсыз немесе бақылаусыз қолданудан туындайтын тәуелділік өсіп бара жатқаны белгілі. Бұл келеңсіздік психоактивті әсері бар дәрілердің қолжетімділігіне байланысты арта түсуде. Қазақстанда 7400-ден астам дәрі тіркелген болса, соның 77%-ы рецеппен босатылады. Мәліметтер олардың қатарындағы бірқатар препараттың тәуелділік тудыратынын көрсеткен. Бұған дәріханада рецептілік препараттардың бақылаусыз сатылуы, халықтың тәуелділік қаупі бар дәрілер зияны туралы аз білуі, яғни ақпараттың тапшылығы, ауырсыну, күйзеліс, ұйқысыздық секілді психологиялық факторлар салдарынан тез әсер беретін препараттарға жүгінушілік себеп болуы.

Жиында сөз алған Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің бастығы Ольга Смирнованың айтуынша, облыста тәуелділік тудыратын препараттарды дәрігердің нұсқауынсыз сатудың алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыс көп. Солардың негізгісі Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы республикалық Аналар кеңесінің бастамалылығымен өңірде іске қосылған «Жасыл сертификат» жобасы. Бұл шара тәуелділік тудыратын дәрілік препараттардың дәріханаларда дәрігердің рұқсатынсыз сатылуына қоғамдық бақылау жасауға бағытталған. Нақтырақ айтқанда, «Жасыл сертификат» жобасы аясында дәріханаларды «құпия сатып алушы» жүйесі бойынша тексеріліп, 12 айдан соң тексерісті өткен дәріханаларға растау сертификаты табысталады. Осы мақсатта 3 тарап, яғни, аталмыш құзырлы орын, Аналар кеңесі және бірқатар ірі дәріхана өкілдерімен меморандумға қол қойылды. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда.

Әрине, негізгі мемлекеттік орган-



дар қоғамдық ұйымдармен ынтымақтасып жұмыс істемей, мақсатқа жету қиын. Бұл тұрғыда облыста Полиция департаменті, жергілікті атқарушы органдар және Қазақстан халқы ассамблеясы өзара күш біріктіріп отыр. Десе де жұмысты одан әрі күшейту үшін заңнамалық талаптар керек. Смирнованың айтуынша, бұл құжаттарды қазіргі заманның талабына сай кейбір өлшемдерін қатаңдатып, жетілдіру қажет. Сонымен қатар халық арасында медициналық және фармацевтикалық қызметкерлер тарапынан ақпараттандыру мен түсіндіру шаралары қолға алынуы тиіс.

Есірткі ми жұмысын бұзады

Есірткінің қоғамға зияны жайлы көп айтылды. Бұл орайда республикалық «Әкелер одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы келтірген мәліметтер нашақорлықтың зардабын нақты мәліметпен қолға қойғандай етіп берді. Аймағанбетов мырза келтірген деректерге жүгінсек, аналар жылында кезінде бір рет болса да есірткі пайдаланған балалардың 95-97% елеулі психологиялық кемістіктермен туылады. Есірткі тіпті толық қалыптасқан ересектерде де мидың жұмысын айықпастай етіп бұзады, ал жаңа туған нәрестелерде мұндай бұзылулар дамудың кешігуіне және жиі мүгедектігіне әкеледі. Мемлекеттік деңгейде тиімді шаралар қолға алынса, қоғам тарапынан ымырасыз күрес жүргізілмесе, елімізде мұндай симптоммен туылатын балалар көбеюі сөзсіз. Өйткені, есірткі нарығы қарқынды дамып барады.

2025 жылдың қыркүйегінде Ұлттық қауіпсіздік комитеті Алматыда ел тарихындағы ең ірі есірткі көлемін, яғни жалпы құны 4 млрд теңге болатын 13 тонна 183 келі кокаинды тәркіледі. Синтетикалық есірткі бойынша мұндай көрсеткіш былтырғымен салыстырғанда 143 есе өсіп, 570 келіге жеткен. Ішкі істер мен Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, желіде және хабар алмасу қосымшалары арқылы белсенді түрде таралатын есірткі заттарының заңсыз айналымы және оларды тұтынатын жастар саны ар-

тып барады. Тек 2025 жылы ғана осындай қылмыс үшін 61 жасөспірім қамауға алынды. Былтыр олардың саны 49 болатын. Сауалнама сонымен қатар есірткіні бірінші рет қолданудың негізгі себептерін анықтады. Оған сүйенсек, бірінші орында қызығушылық, зерігу (44%), одан кейін достардың әсері (32%) және стресті проблемалар (10%-дан аз).

Нашақорлықпен күрес – қоғам алдындағы үлкен жауапкершілік

Гаджеттер мен ұялы телефонға байланған үлкендер балаға қауіптілікті көбіне оның тамағының тоқтығы, киімінің бүтіндігі деп түсінеді. Ал, шын мәнінде балалар үлкендердің өз пікірін естігенін, сұрағына жауап беруін, өзімен бірге

бастапқыда волонтер болдым, кейін психолог мамандығын алған соң, өзім сияқты басқа нашақорларға көмектесе бастадым. Егер тәуелділікті тек дәрі-дәрмекпен емдеуге болатын болса және тек бір адамды емдеу керек болса, бұл соншалықты қорқынышты болмас еді. Өкінішке қарай, тәуелділік – бұл отбасылық ауру, оған көптеген факторлар мен себептер қатысады» деді ол.

Оның айтуынша ата-аналардың ең көп кездесетін қателігі балаларын сауықтыру орталықтарына әкелумен шектеліп, олармен өздерінің айналыспауы. Ата-ана мүдделі болып, баласын құтқаруға ұмтылмаса, нашақорлық әрқашан қайталануға бейім. Сондықтан отбасы нашақордың сауығуының негізі де және оның ауруы мен қайталануының да себебі болуы мүмкін. Балаға есірткінің зиянды екенін жай ғана үйретіп, түсіндіру жеткіліксіз. Отбасы баласының есірткі тұтынуын қалыпқа келтір-

меуіне жауапты. Бұл тұрғыда отбасында сүйіспеншілік, психикалық денсаулықтың, сенімнің және дұрыс қолдаудың болуы өте маңызды. Дәуреннің түсінгені – есірткі өлтіреді. Мұны ол әкесі арқылы анық ұқты. Бұған тосқауыл қоюға отбасының әл-ауқаты, ата-ананың ақыл-ойы және қауіпсіздік сезімі жетіспеді. Бұл ойын ол «Мен ата-анама да, олардың өскен қиын-қыстау күндеріне де ренжімеймін. Бірақ мен болашақта ата-ана ретінде өз жауапкершілігімді білемін» деп түйіндеді. Дәурен сонымен қатар емдеудегі тағы бір қиындықты ортаға салды. Ол жеке оңалту орталықтарының қарапайым халық үшін қолжетімсіздігі. Оңалту орталығында ұзақ емделуді қажет ететінін ескерсек, бұл үшін айына 300 000-нан миллион теңгеге дейін қаржы қажет болады екен. Азаматтар тіркеуге тұрудың салдары мен тиісті емделуге қажетті жағдайдың жоқтығынан қорқып, мемлекеттік мекемелерде емделуге қорқады.

Интернет – есірткі саудалау алаңы

